**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне асыл және жартылай асыл тастардың жекелеген түрлеріне қатысты, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 16 ақпандағы № 13 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің 2.4-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына позициялар қосылсын;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 80С ескертпемен толықтырылсын:

"[80С)] Кедендік әкелу бажының кедендік құнның 0 (нөл) %-і мөлшеріндегі ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 13 шешімі күшіне енген күннен бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.".

2. № 4 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Еуразиялық

экономикалық комиссия Кеңесінің кейбір шешімдеріне асыл және жартылай асыл тастардың жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күні күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 16 ақпандағы
№ 13 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ

| **СЭҚ ТН коды** | **Позицияның атауы** | | **Қосымша өлш. бірл.** |
|---|---|---|---|
| 7102 39 000 0 | – – | өзге | кар |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 16 ақпандағы
№ 13 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосылатын ПОЗИЦИЯЛАР

| **СЭҚ ТН коды** | **Позицияның атауы** | | **Қосымша өлш. бірл.** |
|---|---|---|---|
| 7102 39 000 | – – | өзге: | |
| 7102 39 000 1 | – – – | салмағы 0,3 караттан аз | кар |
| 7102 39 000 9 | – – – | өзге | кар |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 16 ақпандағы
№ 13 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

| **СЭҚ ТН коды** | **Позицияның атауы** | | **Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан процентпен не евромен, не АҚШ долларымен)** |
|---|---|---|---|
| 7102 39 000 1 | – – – | салмағы 0,3 караттан аз | 10 |
| 7102 39 000 9 | – – – | өзге | 10 |
| 7103 10 000 1 | – – | нефрит | 10[80С)] |
| 7103 10 000 2 | – – | лағыл | 10[80С)] |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7103 10 000 3 | – – | жақұт | 10[80С)] |
| 7103 10 000 4 | – – | зүбәржат | 10[80С)] |
| 7103 10 000 5 | – – | александрит | 10[80С)] |
| 7103 10 000 8 | – – | өзге | 10[80С)] |
| 7103 91 000 1 | – – – | лағыл | 12[80С)] |
| 7103 91 000 2 | – – – | жақұт | 12[80С)] |
| 7103 91 000 3 | – – – | зүбәржат | 12[80С)] |
| 7103 99 000 2 | – – – | александрит | 15[80С)] |
| 7103 99 000 8 | – – – | өзге | 15[80С)] |
| 7104 20 000 1 | – – | нефрит | 15[80С)] |
| 7104 20 000 3 | – – | лағыл | 15[80С)] |
| 7104 20 000 4 | – – | жақұт | 15[80С)] |
| 7104 20 000 5 | – – | зүбәржат | 15[80С)] |
| 7104 20 000 6 | – – | александрит | 15[80С)] |
| 7104 20 000 8 | – – | өзге | 15[80С)] |
| 7104 90 000 1 | – – | нефрит | 14[80С)] |
| 7104 90 000 3 | – – | лағыл | 14[80С)] |
| 7104 90 000 4 | – – | жақұт | 14[80С)] |
| 7104 90 000 5 | – – | зүбәржат | 14[80С)] |
| 7104 90 000 6 | – – | александрит | 14[80С)] |
| 7104 90 000 8 | – – | өзге | 14[80С)] |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 16 ақпандағы
№ 13 шешіміне
№ 4 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінде:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесінде (көрсетілген Шешімге № 2 қосымша) 2.9-бөлімнің 2-кестесінің 6-позициясында "7102 39 000 0-ден" деген сөздер ЕАЭО СЭҚ ТН "7102 39 000" кодымен ауыстырылсын;

б) Асыл тастарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеге (

көрсетілген Шешімге № 13 қосымша) № 2 қосымшаның 3-тармағының екінші абзацында "ЕАЭО СЭҚ ТН 7102 39 000 0-ден" деген сөздер "ЕАЭО СЭҚ ТН 7102 39 000" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай ставкалар мөлшерінің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН коды 7102 39 000 0 позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **"7102 39 000 1** | **– – – салмағы 0,3 караттан аз** | **12,3** | **10,9** | **9,5** | **8,2** | **6,8** | **5,5** | **4,1** | **2,7** | **1,4** | **0** |
| 7102 39 000 9 | – – – өзге | 12,3 | 10,9 | 9,5 | 8,2 | 6,8 | 5,5 | 4,1 | 2,7 | 1,4 | 0". |

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 62 шешімімен бекітілген Өтпелі кезең ішінде Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінен өзгеше кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлар мен ставкалардың тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары 7103 10 000 1, 7103 10 000 2, 7103 10 000 3, 7103 10 000 4, 7103 10 000 5, 7103 10 000 8, 7103 91 000 1, 7103 91 000 2, 7103 91 000 3, 7103 99 000 2, 7103 99 000 8, 7104 90 000 1, 7104 90 000 3, 7104 90 000 4, 7104 90 000 5, 7104 90 000 6 және 7104 90 000 8 позициялар алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК